

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 30 желтоқсандағы N 715 және 29 желтоқсандағы N 580 бұйрықтарына N 40 толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 27 қаңтардағы N 42 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1414

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына келесі толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

"13.9.275.30 Астана қаласын дамыту" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолдармен толықтырылсын:

"13.9.275.30.30 Білім, мәдениет, спорт және демалыс объектілерін салу

13.9.275.30.31 Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым және көріктендіру

объектілерін салу, жергілікті деңгейде жолдар мен көпірлерді салу және қайта құру

13.9.275.30.32 Жобалау-іздістіру жұмыстары және алдағы жылдар бағдарламалары".

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 580

V001383_

"Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 35 толықтырулар енгізу туралы" бұйрығына:

2 пункт алынып тасталсын.

2. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Е. Бахмутова) департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК